

Мектеп медиация қызметі туралы

«Сенім»

1. «Медиация клубы»

2. Мақсаты мен міндеттері

- ✓ **Мақсаты:**
 - Мектептегі жанжалдардың алдын алу.
 - Оқушылар арасында өзара түсіністік пен құрметті нығайту.
- ✓ **Міндеттері:**
 - Медиация әдістерін оқыту.
 - Медиация арқылы нақты жанжалдарды шешуге көмектесу.
 - Қақтығыссыз қарым - қатынас дағдыларын дамыту.

3. Медиацияның негізгі принциптері

1. **Еріктілік (Добровольность)**
 - Медиацияға қатысу – тараптардың ерікті шешімі. Ешкім мәжбүрлеуге тиіс емес.
 - Кез келген тарап кез келген уақытта процесті тоқтатуға құқылы.
2. **Бейтараптық және әділдік (Нейтральность и беспристрастность)**
 - Медиатор барлық тараптарға бірдей қарайды, ешкімнің мүддесін жақтамайды.
 - Шешім шығаруда медиатор емес, тек тараптар жауапты.
3. **Құпиялылық (Конфиденциальность)**
 - Медиация процесінде айтылған барлық ақпарат құпия сақталады.
 - Бұл сенім мен ашықтықты қамтамасыз етеді.
4. **Теңдік (Равенство сторон)**
 - Барлық тараптар тең құқыққа ие.
 - Ешкім өз беделіне, жасына немесе лауазымына байланысты артықшылыққа ие болмауы керек.
5. **Ынтымақтастық және өзара құрмет (Сотрудничество и уважение)**
 - Медиация — қарсыласу емес, өзара түсіністікке келу жолы.
 - Тараптар бір-бірін тыңдап, өзара құрмет танытуы маңызды.
6. **Жанжалға тараптардың өздері иелік етуі (Ответственность сторон за решение)**
 - Шешімді медиатор емес, тараптардың өздері қабылдайды.
 - Бұл шешім олардың мүддесіне сай және орындалуға ықтимал болады.
7. **Болашаққа бағыттылық (Ориентация на будущее)**
 - Медиация жанжалды емес, шешімді іздейді.
 - Қақтығысты талқылаудан гөрі, болашақта қалай әрекет ету керектігіне назар аударады.

4. Клуб жетекшісі туралы

- ✓ Аты-жөні, лауазымы: Вагапова Эльвира Вагизовна педагог – психолог
Есетова Аружан Мейрамғалиқызы педагог - психолог
- ✓ Байланыс ақпараты, телефон : инстаграм желісі арқылы - mediation.doverie_gen
214 кабинет
87078137074, 87775678958

5. Клуб мүшелері

- ✓ Оқушылардың жасы: 8 – 11 сыныптар
- ✓ Қатысушылар саны: 19
- ✓ Мүшелікке қалай кіруге болады: ерікті түрде, сұхбат арқылы

6. Іс - шаралар жоспары

- ✓ Апталық / айлық кездесулер
- ✓ Тренингтер, мастер – класстар
- ✓ Жас медиаторлар қызықты әрі креативті сабақтар өткізіп, құрдастарына бейбіт қарым - қатынас орнатудың жолдарын үйретеді.

- ✓ Қақтығыстарды шешу симуляциялары

7. Қызмет бағыттары

- ✓ Жанжалдарды шешу (оқушылар арасында, кейде мұғалім-оқушы)
- ✓ Кеңес беру
- ✓ Оқушыларды медиатор ретінде даярлау

8. Фотогалерея / Видео

- ✓ Клуб отырыстарының фотолары және видеолары инстаграм желісіне салып отырады.

9. Кері байланыс

- ✓ Клубқа немесе жетекшіге сұрақ қою формасы
- ✓ Онлайн өтініш қалдыру мүмкіндігі (жанжал туындаса немесе кеңес қажет болса)





Мектеп медиация қызметінің 2024 – 2025 жылдардағы жұмысы


Мектеп медиация қызметі – гимназиядағы оқушылар, мұғалімдер мен ата - аналар арасындағы өзара түсіністік пен тату қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған маңызды құрылым. 2024 – 2025 жылдар аралығында медиация қызметі бірқатар іс-шараларды ұйымдастырып, көптеген қақтығыстардың алдын алуға және шешуге көмектесті.





2024 – 2025 оқу жылы

1. **Жылдық жоспар аясында жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.**
 - ✓ Оқу жылына арналған жоспар бекітіліп, нақты бағыттар бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды.
2. **Жас медиаторлар тобы құрылып, біліктілігі артты.**
 - ✓ 33 жас медиатор даярланып, оқушылар арасында медиация мәдениетін насихаттауға белсенді атсалысты.
 - ✓ Арнайы оқыту сабақтары мен тренингтер арқылы дағдылары дамытылды.
3. **Қақтығыстарды реттеу мәдениеті қалыптасып келеді.**
 - ✓ «Қақтығысты қалай дұрыс шешеміз?» тақырыбында тренингтер мен интерактивті сабақтар өткізіліп, оқушылардың коммуникациялық дағдылары мен өзара түсіністігі артты.
 - ✓ 1–9 сыныптар аралығында түрлі форматтағы сабақтар ұйымдастырылды.
4. **Ата-аналар мен педагогтер белсенді тартылды.**
 - ✓ Мұғалімдер мен ата-аналар үшін түсіндіру шаралары өткізілді.
 - ✓ «Медиация – татуласу мәдениеті» жобасы кеңейтіліп, мектеп қауымдастығын толық қамту жүзеге асырылды.
5. **Жаңа оқушылардың мектеп ортасына бейімделуіне көмек көрсетілді.**
 - ✓ Бейімдеу кезеңінде психологиялық және медиациялық қолдау ұйымдастырылды.
6. **Ақпараттық-түсіндіру жұмысы күшейді.**
 - ✓ Жас медиаторлар буклеттер мен жаднамалар дайындап, оқушылар мен ата-аналарға таратты.
 - ✓ Сенім жәшігі іске қосылып, анонимді кері байланыс алу жүйесі жолға қойылды.
7. **Серіктестік пен кәсіби байланыстар орнатылды.**
 - ✓ Басқа келісім қызметтерінің мамандарымен тәжірибе алмасу кездесулері өтті.
 - ✓ Мамандардың кәсіби кеңестері жұмыстың сапасын арттыруға ықпал етті.
8. **Нақты жағдайлар бойынша тиімді медиация жүргізілді.**
 - ✓ 20-дан астам нақты жағдай бойынша жеке және топтық медиациялық жұмыс атқарылды.
 - ✓ Қақтығыс жағдайларында тараптар өзара келісімге келіп, түсіністікке қол жеткізілді.

ЖЕТИСТІКТЕР

- Мектеп ішінде сенім мен түсіністікке негізделген оң әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптасуда;
- Қақтығыстардың алдын алу мен шешу көрсеткіші жақсарды;
- Ата-аналар мен педагогтер медиацияның тиімділігін мойындап, ынтымақтастық арта түсті.
- Жас медиаторлар белсенді өзара көмек пен диалог алаңына айналды.












42 2

shgen_07 "Буллингтің алдын алу" бойынша апталық аясында 9 ә, 9 в сыныптарының қатысуымен "Жасөспірім. Құқық. Медиация" тақырыбында ашық тәрбие сағаты... ещѐ



42




42




42



42



56




1:02




56





56



56









2025 – 2026 оқу жылына арналған медиациялық қызметтің жұмысы (жалғасуда)

1. Жылдық жоспар бекітіліп, жүйелі жұмыс жүргізілуі
 - ✓ 2025 – 2026 оқу жылына арналған медиациялық қызметтің бағыттары нақтыланып, жоспарланған іс-шаралар уактылы орындалуда.
2. Жас медиаторлар тобы кеңейтіліп, белсенділігі артуы
 - ✓ 19 оқушыдан құралған жас медиаторлар тобы жаңартылып, жаңа мүшелер қабылданды.
 - ✓ Медиаторларға арналған оқыту сабақтары ұйымдастырылып, олардың дағдылары мен жауапкершілігі күшейтілуде
3. Қақтығыстарды тиімді шешу дағдылары оқушылар арасында кеңінен насихатталуы
 - ✓ «Қақтығысты қалай дұрыс шешеміз?» тақырыбында тренингтер мен интерактивті сабақтар өткізілуде
4. Жаңа оқушылардың мектеп өміріне бейімделуі
 - ✓ Мектепке жаңадан келген оқушыларға бағыт-бағдар беріліп, медиациялық және психологиялық кеңестер көрсетілуде
5. Ақпараттық жұмыстар күшейтілуі
 - ✓ Жас медиаторлар арнайы буклеттер, жаднамалар, постерлер әзірлеп, мектеп қауымдастығына таратуда
6. Кәсіби ынтымақтастық дамуы
 - ✓ Басқа келісім қызметтері мен медиация орталықтарының мамандарымен кәсіби тәжірибе алмасу кездесулері өткізілуде

